

**«6D011300 –Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензент, биология ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновнаның**

## **ПІКІРІ**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы**

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдардағы Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім берудің барлық сатыларында модернизациялау үрдісі жалғасын табуда. Сонымен бірге «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын болады», - дегендей, жас ұрпаққа білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Ел Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиялық бағдарламасында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген. Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туады.

Біздің халқымыздың қазіргі қоғамдық өзгерістерге сай даму қарқыны болашақ мамандарды даярлау барысында рухани, ұлттық болмысты қалыптастыруда білім беру моделін жаңаша құруды қажет етуде. Заман талабына сай туындаған қажеттіліктер болашақ ел иелерін ұлттың рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен, өлкетануымен сусындатуды талап етеді. Осыған байланысты диссертант Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның даярлаған диссертациялық жұмысы республиканың білім саясатының негізгі мақсаттарына сәйкес келеді. Өйткені, қазіргідей батыстың мәдени экспансиясы мен жаһандану дәуірінде ұлттық рухани-мәдени құндылықтарымызды бойына сіңірген болашақ мамандарды дайындау жоғары оқу орындарының басты талабы. Диссертант ғылыми негіздемесін құруда іргелі шетелдік пен отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасап, таңдаған тақырыбының көкейтестілігін анықтаған. Ұсынып отырған бұл еңбектің тағылымдық негізі тәжірибеде көрініс тапқан. Осы тұрғыдан қарағанда Ермекбаева Акбопе Тонтаевнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» атты диссертациялық жұмысы бүгінгі қоғамның сұранысынан туындап отырған өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

### **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, әрбір тарау бойынша тұжырымдардан, әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Диссертант Ермекбаева Акбопе Тонтаевна өз зерттеуінің тарауларын бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір жүйемен құра білген. Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелер тығыз бірлікте болуымен, ғылыми зерттеудің тағылымдық, тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабақтастығымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолданумен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен анықталады. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындайды.

Диссертацияның мазмұнындағы тұжырымдар мен нәтижелеріне тоқталатын болсақ, диссертант А.Т.Ермекбаева өз жұмысына жасалған түйіндері өте орынды, ғылыми зерттеуде нақты көрсеткен:

бірінші ғылыми нәтиже - педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың ерекшеліктерін зерттеп, анықтау арқылы отандық және шетелдік педагогика және психология ғылымдарының байланысқан теориялық негізі;

екінші ғылыми нәтиже - жоғары оқу орындарында биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін және оны білім беру жүйесіне ендірудің мүмкіндіктерін анықтайтын біртұтас жүйесі;

үшінші ғылыми нәтиже - педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың заңдылықтар ретінде бекітуге бағдарланған әдістер мен әдістемелер нақтыланып, арнайы эксперименттік зерттеудің әдіснамасы негіздемесі;

төртінші ғылыми нәтиже - биолог мамандарын даярлау үдерісіне өлкелік компонентті пайдаланудың тиімділігін дәлелдейтін тәжірибесі.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық аппараты, қорғауға ұсынылған негізділігі мен шынайылығы, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорытынды зерттеудің мазмұнымен үйлесімді болуын қамтамасыз етеді. Осының негізінде диссертант А.Т.Ермекбаева өзінің ерекше көзқарасын белгілейтін және айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген дербес зерттеуін жүзеге асырған.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың нақтылайтын теориялық негіздері;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – жоғары оқу орындарында биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктері айқындалып, оны ендірудің мүмкіндіктерін анықтайтын біртұтас жүйесі;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың айнықтайтын әдістемесі;

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - Биолог мамандарын даярлау үдерісіне өлкелік компонентті пайдаланудың тиімділігін дәлелдейтін арнайы эксперименттік зерттеудің әдіснамасы.

Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып, статистикалық көрсеткіштермен тескерілгені және биолог мамандарға арналған «Қазақстан жыландарының биологиясы және экологиясы», «Биология оқытуда оқушылардың зерттеушілік әрекетін дамыту» атты арнаулы курстардың бағдарламалары педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендірілгені анықталды.

#### **4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Бірінші ғылыми нәтиже орташа жаңа. Себебі, «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбын анықтау және оған тірек болар зерттеу еңбектеріндегі өлкелік компонентке қатысты тұжырымдардың сәйкестілігі, уақыт пен кеңістік тұрғысындағы тарихи желісінде талдануы мен қорытынды түзілген.

Екінші нәтиже жаңа. Себебі, жоғары оқу орындарында биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктері зерттелініп, оны білім беру жүйесіне ендірудің мүмкіндіктері анықталған;

Үшінші нәтиже жаңа. Себебі, педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың әдістемесі жасалынған;

Төртінші нәтиже жаңа. Себебі, биолог мамандарын даярлау үдерісіне өлкелік компонентті пайдаланудың тиімділігі тәжірибе-эксперимент жұмысы арқылы дәлелденген.

#### **5. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Диссертант А.Т.Ермекбаеваның қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды түрде байланысып жатыр. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Ермекбаева Ақбөпе Тонтаевнаның тұңғыш рет «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» тақырыбында жазғаны анықталды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды ұстаздар қауымы мен педагог-мамандардың біліктілігін арттыруға және 5B011300 - Биология мамандығына қатысты жоғары оқу орындарының студенттері үшін пайдалануға болады.

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 31 еңбегінде көрініс тапқан. Олар: Scopus мәліметтер базасына кіретін журналда, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда, оның 5-і Қазақстан Республикасы білім және ғылым

саласын бақылау комитеті белгілеген басылымдарда және 1 оқу құралы жарияланған.

#### **6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертанттың ғылыми жұмысының маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. Қорғауға ұсынылатын қағидаларда зерттеуде алынған ғылыми нәтижелердің мазмұнын аша түсу жұмыстың маңызын күшейтетін еді. Зерттеудің кейбір нәтижелері диссертацияның әр бөліміндегі қорытындыларда жеткілікті түрде бейнеленбеген.

2. Диссертациялық жұмыстың I тарауында жалпы пәндік мазмұны құрылымына, оның ішіндегі өлкелік компонентін ролі мен маңыздылығына педагогикалық жағынан сипаттама берілсе, диссертацияның мазмұны толығырақ ашылар еді.

3. Диссертация мазмұнында стильдік грамматикалық қателер кездеседі.

Бірақ, бұл айтылған ескертпелер диссертант А.Т.Ермекбаеваның диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

#### **7. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.**

Қорғауға ұсынылып отырған А.Т.Ермекбаеваның PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылым және практика талабына сай келуімен бағаланады. Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен қанағаттандырады, ал оның авторын 6D011300 –Биология мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Пікір жазған:**

**Биология ғылымдарының докторы,**

**Қорқыт Ата атындағы**

**Қызылорда мемлекеттік**

**университетінің профессоры**

*С.Ж.Ибадуллаева*

